

## ҚАЗСТА МАГИСТРАТУРАСЫНА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

Кешенді тестілеу қорытындысы бойынша магистратураға қабылдау конкурс негізінде жүзеге асырылады. Шетелдіктерді магистратураға қабылдау ақылы түрде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ақылы негізінде білім беру бағдарламалары бойынша шетел азаматтарын оқуға қабылдау ЖОО –ның Академиялық күнтізбесіне сәйкес күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Білім туралы құжаттарын тану және нострификациялу ережесіне сәйкес, шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен танылады немесе нострификацияланады. Магистратураға түсушілердің өтініштерін қабылдау ЖОО-ның қабылдау комиссияларымен жүргізіледі.

Өтініштерді қабылдау мерзімі

**2019 жылы шілденің 3-нен 25 дейін.**

Кешенді тестілеу шет тілі бойынша, білім беру бағдарламалары тобы бойынша түсу емтихандары, шығармашылық емтихандарды қабылдау 2019 жылдың 8-16 тамыз аралығында, қабылдау 2019 жылдың 28 тамызына дейін жүргізіледі.

**Магистратураға түсушілер ЖОО-на келесі құжаттарды тапсырады:**

1) ұйым басшысының атына белгіленген нысандағы өтініш;

2) жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа);

4) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) 3x4 сантиметр көлемінде 6 сурет;

б) денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2010 жылғы 23 қарашадағы бұйрығымен бекітілген 0860-у нысанындағы медициналық анықтама (Бұйрық № 907);

7) осы ереженің 13- тармағында көрсетілген бағдарламалар бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаттың көшірмесі

Магистратураға түсушілер шет тілінен таңдау бойынша (ағылшын, неміс, француз) кешенді тест тапсырады, қазақ немесе орыс тілдерінде таңдау бойынша оқуға дайындығын анықтауға арналған тесттің білім беру одақтық бағдарламалар тобының бейіні бойынша

«Дене шынықтыру» мамандығына арналған тест бейін бойынша екі пәннен ПЕДАГОГИКА, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ және СПОРТ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ.

«Туризм» мамандығына арналған тест бейін бойынша екі пәннен ТУРИЗМОЛОГИЯ НЕГІЗІ, ЭКСКУРСОВОДТАНУ

Жалпыеуропалық құзіреттілікке сәйкес шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттары бар тұлғалар шет тілін меңгеруі келесі тіл бойынша магистратураға шет тілі бойынша түсу емтиханынан босатылады:

**Ағылшын тілі:**

- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ) – кемінде 460 ұпай),

- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестингпрограмм)

- Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл – 87 ден кем емес ), (TOEFL (ТОЙФЛ) шекті балл – 560 балдан кем емес)

- International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС), шекті балл – 5.5кем емес);

**Неміс тілі:**

- Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (дойче шпрахпрюфун фюрдейн хохшулцуган) (DSH, Niveau C1/C1денгей),

- TestDaF-Pruefung (тестдаф-прюфун) (Niveau C1/уровень C1денгей)

**Француз тілі:**

- Test de Franzais International™ -Тест де франсэ Интернасиональ (ТФИ) – не ниже уровня В1денгейінен төмен болмау керек секция бойынша оқу және тыңдау),

- Diplome d'Etudes en Langue francaise - Диплом дэтюд ан Ланг франсээ (DELF (ДЭЛФ), денгейі В2),

- Diplome Approfondi de Langue francaise - Диплом Аппрофонди де Ланг Франсээ (DALF (ДАЛФ), С1денгейі),

- Test de connaissance du francais - Тест де коннэссанс дю франсэ (TCF (ТСФ) – 400 балдан кем болмау).

Магистратураға түсушілер өтініш бойынша үш ЖОО және бір білім беру бағдарламасын таңдайды.

- Шет тілінен түсу емтиханының және кешенді тестілеу нәтижелері бойына сертификат беріледі.

- Қабылдау емтихандарын және кешенді тестілеуді тапсыру жылында қайта тапсыруға жол берілмейді.

Магистратураға қабылдау осы үлгілік қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес қазақ немесе орыс тілінде оқытатын кешенді тестілеу қорытындысы бойынша 150 балдық жүйемен жүзеге асырылады. (қосымша - 2): **75 балдан** кем емес, оның ішінде **шет тілінен** – 25 балдан кем емес, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауапты таңдау – 15 балдан кем емес, бір немесе бірнеше дұрыс жауап – 20 балдан кем емес, оқу дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – 15 балдан кем емес.

**Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға конкурстық негізде кешенді тестілеу бойынша түсу емтихандарының немесе шығармашылық емтихандардың жиынтығынан жоғары балл жинаған тұлғалар қабылданады.**

**2- қосымшаға сәйкес ғылыми- педагогикалық және бейіндік магистратура үшін кемінде 100 балл.**

2- қосымша

**Қазақ немесе орыс тілінде оқытатын магистратурауаға кешенді тестілеу үшін бағалаудың 150 балдық жүйесінің шкаласы**

Тест түрері	Тапсырмалар түрі	Тапсыру тілі	Тест саны	Балдар	шектеі балл
Шет тілі бойынша тест	Тыңдалым Лексика- грамматикалық тест Оқу	Ағылшын / Неміс / Француз	50	50	25
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	Бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ / Орыс	30	30	15
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест*	Бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ / Орыс	30	30	15
	Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау	Қазақ / Орыс	20	40	20
Барлығы			130	150	75**